

6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін жазылған Усенова Аккенже Мукановнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне ғылыми көңесшінің

ПКІРІ

XXI ғасырда білім мен ғылым саласындағы әлемдік білім беру кеңістігіне сәйкес білім алу, жалпы ғаламдық таным мен ойлауды дамыту, ұлттың интеллектуалды әлеуетін арттыру, өз іс-әрекетінің субъектісі және табысты болуына мүмкіндік туғызу болашақ мамандарды кәсіби даярлауда жоғары окуорындарының алдына қойылған кезек күттірмес міндет. Бұл міндеттерді шешу болашақ бастауыш мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуды талап етеді.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, докторант Усенова Аккенже Мукановнаның таңдалған тақырыбы қоғамның талабынан туындалған отырған мәселеге арналған.

Ізденуші зерттеу барысында ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Біріншіден, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың теориялық негіздерін айқындауда отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың философиялық, педагогикалық, психологиялық зерттеулеріне жан-жакты талдау жасай отырып, «табыс», «табыстылық», «әлеуметтік табыстылық» ұғымдарына берілген анықтамаларды жүйелеп, осы ұғымдардың мәні мен мазмұнын өзінің зерттеу проблемасының мақсатына орай тұжырымды пікірін білдіріп, ғылыми-теориялық тұрғыдан мазмұндық сипаттама жасаған.

Диссертациялық зерттеуінде ізденуші болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған, оның құрылымындағы компоненттерін (түрткілік-еріктілік, процессуальдық - іс-әрекеттік, рефлексиялық - бағалау) мазмұнға сәйкес өлшемдерін, атап айтқанда, әлеуметтік ұстаным (студенттің өзін-өзі танытуына мүмкіндік беретін қарым-қатынастар жүйесі), әлеуметтік белсенділік (нәтижесі әлеуметтік мойындау болып табылатын іс-әрекеттік қатынас жүйесі), тұлғалық табыстылық (студент жастардың тұлғалық қанағаттануы), оны сипаттайтын көрсеткіштерін (болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің табысты әлеуметтік бейімделуі, ішкі әрекет үрдісінде жүзеге асырылатын әлеуметтік ортамен қарқынды, саналы өзара әрекеттесуге бағытталған әлеуметтік-мәнді әрекеттерінің жиынтығы, тұлғалық және әлеуметтік сапаларының қалыптасуы, жетістігінің жоғары мотивациясы) және осыларға сәйкес жоғары, орта, төмен деңгейлерін айқындаған.

Сонымен катар зерттеу барысында оқу құралы мен элективті курс бағдарламасын дайындаған, білім алушылардың әлеуметтік табыстылығын дамытуға бағытталған нақты әдістеме жасаған, оның тиімділігін тексеру

барысындағы алған мәліметтері жалпы білім беретін мектептерде, болашақ мамандар үшін жоғары оқу орындары тәжірибелерінде пайдалануға болады.

Диссертацияның мазмұны, құрылымы, ғылыми аппараты логикалық байланысқан, тақырыпқа сай құрылған, яғни кіріспеден, екі бөлімнен, олардың әрқайсысы үш параграфтан, пайданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Бұлардың барлығы да зерттеу мәселесіне байланысты қойылған мақсат пен міндеттердің мазмұндық сипатын ашады.

Докторанттың қол жеткізген нәтижелері мен қорытындыларының негізділігі мен дәлелділігі оның бастапқы көзқарастарының теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделуімен, зерттеудің нақты нәтижелерінің дәлелденуімен қамтамасыз етіледі. Зерттеу қорытындылары ғылыми тұрғыдан тұжырымдаған.

А.М.Усенованның ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялар мен әртүрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген 13 еңбекінде қамтылған.

Қорыта келгенде, А.М.Усенова өзінің педагогикалық тәжірибесіне сүйене отырып, еңбекқорлықпен, ізденімпаздықпен, зерттеушілік, әдістемелік білімін күнделікті жетілдіріп, өз ісінің құзыретті маманы ретінде танылды.

Зерттеу жұмысының жаңалығы, алынған нәтижелерінің дәйектілігін және практикалық маңыздылығын ескере отырып, толық аяқталған ғылыми еңбек деп санауға болады.

Докторант, Усенова Аккенже Мукановнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту» тақырыбындағы PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық еңбегі Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы ережесінің» талаптарына толық сәйкес келеді. Ал, оның авторы Усенова Аккенже Мукановнаға 6D 010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін беруге болады деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

**Педагогика ғылымдарының
докторы, профессор**



М.А.Абсатова

Растаймын:
Абай атындағы КазМПУ
Кедр балмінің бастығы
Начальник отдела кадров
Кедр балмін
Заверяю
Колы
Подпись
М.А.Абсатова